

"Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27.06. N 36 нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1091. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

52. "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 36 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 V001091_ бұйрығы. -----

"Салық салу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990485_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 22 қарашадағы N 485-1 Заңы және "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990492_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 492-1 Заңы қабылдануына байланысты БҰЙЫРАМЫН: Осы бұйрыққа қоса берілген " Акциздер есептеу мен төлеу тәртібі туралы" V950074_ Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 1995 жылғы 27 маусымдағы бұйрығымен бекітілген N 36 Нұсқауға өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін. 1. Әдістеме департаменті (Н.Д.Үсенова): аталған Нұсқауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін; келісілген Нұсқауды Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау С.С.Қанатовқа жүктелсін. Министр Келісілді Бекітілді Қазақстан республикасының Қазақстан республикасының Қаржы министрінің М.а. Мемлекеттік кіріс министрі 2000 ж. 2000 ж. 01.02. N 71 бұйрығына "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27.06. N 36 нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар 1. "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының нұсқаулығына: 1-тармағының екінші абзацында "ойын бизнесі" деген сөздердің алдында "лотереяларды қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын; 2-тармақта: төртінші және он бірінші абзацтарда: "жері" деген сөз "елі" деген сөзбен ауыстырылсын; сегізінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

" , ал тауарларға алдын ала декларация берілген жағдайда - Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың нақты әкелінгені туралы алдын ала декларацияны кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының жазбаша р а с т а у ы ; " ;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"- бензин (авиациялықтан басқа), дизельдік отынның көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асырушылар;" ;

он жетінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Тәркіленген импортталатын өнімді сату кезінде әкелінетін акцизделетін тиісті тауарларға белгіленген акциз ставкалары қолданылады." ;

6-тармақтың бірінші абзацында "немесе" деген сөзден кейін "белгіленген мөлшерде" деген сөздермен толықтырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "немесе" деген сөзден кейін "белгіленген мөлшерде" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта "немесе" деген сөзден кейін "белгіленген мөлшерде" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацында "ойын бизнесі" деген сөздерден кейін "(лотереялардан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"лотереялар бойынша - лотереялар өткізуге мәлімделген ақшалай қаражат с о м а с ы н а " ;

" бензин (авиациялықтан басқа), дизельдік отынның көтерме және бөлшек саудасында - заттай түрдегі нақты көлеміне." ;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ойын бизнесі бойынша салық салу объектісі (лотереялардан басқа) ұтыстар шегерілген ойын бизнесінен түскен түсім, лотереялар бойынша салық салу объектісі (олардың үлгісі мен түріне қарамастан) - лотереялар өткізуге мәлімделген түсім."; 11-тармақтың бірінші абзацында "өндірісі бойынша" деген сөздерден кейін "немесе" деген сөзбен толықтырылсын; 21-тармақта: "ойын бизнесі" деген сөздерден кейін "(лотереялардан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын: " Лотерея бойынша салық салынатын айналым (олардың үлгісі мен түріне қарамастан) - лотереялар өткізуге мәлімделген түсім болып табылады. Мұның өзінде, лотерея билеттерін шығарудағы сату бағасы мәлімделген түсім болып табылады."; 24-тармақта: "акциздер бойынша" деген сөздердің алдында " лотереяларға акциздерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын; 25-тармақта: "1)-9) тармақтарда" деген сөздерден кейін ", 15)" цифрымен толықтырылсын; 28-тармақта: "ойын бизнесі" деген сөздерден кейін "(лотереялардан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Лотереялар бойынша акциз лотереялар шығарылымы (таралымы) тіркелгенге дейін төленеді. Лотереялар шығарылымы (таралымы) тіркелген кезде салық төлеуші тіркеуші органға тиесілі акциз сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат тапсыруы тиіс. Лотерея өткізуден бюджетке төленген акциз сомасы қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды."; 30-тармақта "1,5 еселенген" деген сөздер "ресми" деген сөзбен ауыстырылсын; 34-тармақта: "салық декларациясы" деген сөздердің алдында "лотереяларға акциз бойынша декларациядан басқа" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын: "Лотерея өткізуге акциз төлеуші осы Нұсқауға N 6 қосымшада келтірілген нысанда лотереяларға акциз бойынша декларацияны өзі тіркелген орны бойынша аумақтық салық органына лотерея шығарылымы (таралымы) өткізілген айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей тапсыруға міндетті.". 2. Аталған Нұсқаулыққа N 1 қосымшада: реттік нөмірлері 14 және 22 жолдарында: 4 бағанында "1)-9)" цифрлары "1)-9)", 15" цифрларына ауыстырылсын; 5 бағанында "10)-19)" цифрлары "10)-14), 16)-19)" цифрларына ауыстырылсын. 3. Аталған Нұсқаулыққа N 2 қосымшада: III бөлімінің жетінші абзацында "Әзербайжан Республикасы" деген сөздерден кейін ", Украина, Беларусь Республикасы" деген сөздермен толықтырылсын. 4. Мынадай мазмұндағы N 6 қосымшамен толықтырылсын: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27 маусымдағы N 36 Нұсқауына N 6 қосымша ----- үшін лотереяға акциз бойынша Декларация Салық төлеушінің атауы ----- СТТН -----, мекен-жайы, телефоны ----- ауданы, -----

